ған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҮІӨ)	Жұмбақ шешу: Үйін жинап ертеңмен, Миіз тауып алыпты. Мысығы келмеген соң, Ол өкпелеп қалыпты. Бұл қай ертегі? (Мақта қыз) М:Ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, талқылауға баулу. <i>(сөйлеуді дамыту және коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</i>	Ойын:«Кім жылдам?» М:Құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. <i>(қимыл-қозғалыс, танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Ойын:«Бұл қашан болады?» М:Кеңістік бағыттарын анықтау, берілген бағытта қозғалуды (оңға-солға, жоғары-төмен) меңгерту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Ойын:«Өз орнын тап» М:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу.(суық, жылы, күн шуақты, қар) <i>(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Ойын:«Әдемі өрнектер» М:Түзу сызық бойымен жолақтарды қиюды үйрету, қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. <i>(шығармашылық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<i>Қазақстан Республикасының әнұранын орындау</i> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Құрсауларды бір-біріне домалату. Ұо: «Соқыр теке»	Қазақ тілі «Мен бастайын, сен аяқта» М:Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. <i>(коммуникативтік, танымдық және шығармашылық іс-әрекет)</i> МУЗЫКА «Машина» М:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Сапта бір-бірден жүру, жүгіруді жүрумен, секірумен алмастыруді үйрету. Допты лақтыру, домалату, қағып алуды дамыту. Ұо: «Ханталапай»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Сапта тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұруға тәрбиелеу. Шанамен сырғанау, бір-біріне сырғанатуды үйрену. Қо: «Бәйге»	Қауіпсіздік ережесі «Қауіпсіз серуен» МУЗЫКА «Машина» М:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен	1.Маусымдық өзгерістерді бақылау.	1.Терек ағашын бақылау	1.Қар тазалайтын машина жұмысын	1.Күн мен түн неге ауысады?	1.Қарды бақылау М: Қыс аяғында қарда

	М:Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды. 2.Қимылды ойын: «Төбешіктен-төбешікке». М: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру Жаттығу ойындары «Кім жылдам?». М:-Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. 3.Еңбек:Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу	М:Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек.	бақылау. М: Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. 2.Қимылды ойын: «Аңшылар мен аңдар» М:Қозғалыс дағдыларын бекіту; Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». М:тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру . 3.Еңбек :Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру. М: Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: жұмбақ жасыру -Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы	М:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) Орақ болып туады, Табақ болып тынады (ай) Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. Жұлдыздар түнде қайда	болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның
--	--	---	---	---	--

	М: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: жұмбақ жасыру Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар Қыста неше ай бар? Қыс айларын ата? Қыстың ең соңғы айы қай ай? Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру Халық болжамы: Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. 5.Еркін ойындар.	Әсем биік теректер, Балаларды өбектер. Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.) Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады) Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.) Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін) Зерттеу жұмысы Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.) 2.Қимылды ойын: «Бәйге» М: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру М: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру. 3.Еңбек: Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. М:кішкентайларға көмек көрсетуге деген	дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. Олар неден жасалған? (темір сымдардан) Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) Ал, мына екінші машинаға назар аударындар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады) Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады. 5.Еркін ойында	кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді) Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.) Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). 2.Қимылды ойын: «Күн мен түн» М: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». М: мергендіктерін дамыту. 3.Еңбек: Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. М: еңбексүйгіштікке,	астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. 2.Қимылды ойын: «Екі аяз». М:кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?». М: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру. 3.Еңбек: Сырғанаққа су себу М: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: -қыс айларын атандар? -қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? қарқатқақ қалай пайда болады? Зерттеу жұмысы Балабақша алаңындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. 5.Еркін ойындар.
--	---	---	---	---	---

		ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек. Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек. 5.Еркін ойындар.		бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. 5.Еркін ойындар	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. (<i>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек</i>)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Аю мен маса» ертегісін тыңдатып ұйқыға жатқызу.	Бесік жырын тыңдату арқылы түскі ұйқыға жатқызу.	«Күшік пен мысық» ертегісін айтып беру.	«Әлди әлди» әнін тыңдатып тәтті ұйқыға жатқызу.	«Алтын сақа» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) (<i>дене белсенді Карматека:№8,9,10,11,12.</i>)				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қо: «Ханталапай» Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. <i>(коммуникативтікжәне танымдық іс- әрекет)</i>	Үстел-үсті ойыны: «Бөлігін тап» М: Бірнеше бөліктерден тұратын,біртұтас суретті құрастыра білуге үйрету. <i>(танымдық және коммуникативтікіс- қызмет)</i>	Көлеңке театры: «Үйшік» М: Балалардың ойлау, қабылдау, таным, көру, ес туқабілеттерін дамыту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс- әрекет)</i>	Дидактикалық ойын: «Сикырлы қапшық» М: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру- коммуникативтік іс- әрекет)</i>	Сюжетті- рөлдік ойын: «Дүкенші» М: Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға мүмкіндік туғызу. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>

Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын атауға үйрету Қожайбай Ұланбел Нұрлан Адель	Отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі, еңбек етуге қызығушылық танытады, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға дағдыландыру Даулеталы Нұрислам Елемес Айсұлтан	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды Ерланқызы Айзере Жетпісбай Ахмад	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді үйрету Серік Айым Рахман Зере	Дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаттықтыру Абдімәлік Адия Сатжан Хантөре
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека№6	Картотека №7	Картотека №1	Картотека №8	Картотека №2
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, дербес) 1. Қимылды ойын: «Поезд» 2. Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» 3. Ертегі оқу (Қызыл телпек) 4. Ұлттық ойын: «Ханталапай» 5. Дидактикалық ойын: «Көңілді қыстырғыштар»				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

С. Аносов —

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі : 17.02-21.02 ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы

Күнтәртібініңүлгісі.	Дүйсенбі 17.02.2025	Сейсенбі 18.02.2025	Сәрсенбі 19.02.2025	Бейсенбі 20.02.2025	Жұма 21.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау.Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата- анамен әңгімелесу. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата аналарға кеңес беру: «Демалыс күндерін балаңызбен қалай өткізесіз?»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем сөз: Қыстың күні көңілді, Көп қызықты көреміз. Шығып алып далаға, Сырғанақты тебеміз. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	Үстел үсті ойыны: «Мақта қыз бен мысық» М: Ертегілердә қызықтап, үзінділерін қайталап айтуға, талқылауға баулу. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Мобильді кітапхана Ертегі кітаптарды тамашалау. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Тіл ұстарту жаттығуы: Ра-ра-ра, Қозыға жақсы қара. Ры-ры-ра Жинап алдым тары. Ар-ар-ар Далада қалың қар. Ыр-ыр-ыр Жаттап алдым жыр. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, Тікенім көп абайла, Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Дос бол сабын суменен, жуын күнде суменен, жуынсан сен әрдайым, таза бетін маңдайын") Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	Ойын:«Сиқырлы суреттер» М: Балаларды әңгіме айтуға, суретті өз бетінше зерттеп, сипаттауға баулу. <i>(сөйлеуді дамыту,</i>	«Себетті әсемде» ойыны М: Шығармашылық әрекетте қызығушылықты, қиялды дамыту. <i>(шығармашылық және</i>	Ойын:«Пішіндерді салыстыр» М: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру.(ұзындығы,ені	Ойын:«Ертегіні құрастыр» М: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, кітапқа қызығушылыққа баулу. <i>(коммуникативтік</i>	Ойын:«Сиқырлы қол шам» М: Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар- адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру.

	<i>коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет)</i>	<i>танымдық, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	<i>) (танымдық, коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет)</i>	<i>және танымдық, шығармашылық іс-әрекет)</i>	<i>(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<i>Қазақстан Республикасының әнұранын орындау</i> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Сапта тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру тәрбиелеу. Шанамен сырғанау, бір-біріне сырғанатуды үйрену. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»	Қазақ тілі «Қыс қызықтары» М: Қазақ тіліне тән ө,ұ,ү дыбыстарын жеке сөз ішінде анық айтуға баулу. (коммуникативтік, шығармашылық және танымдық іс-әрекет) МУЗЫКА «Ертегілер елінде» М:Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Жүгіру; Сапта бір-бірден, шеңбер боймен, «жыланша», шашырап жүгіруді үйрету. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыруды дамыту. Қ\о:«Апандағы аю»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Доптармен,секіргіштер мен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Құрсауларды бір-біріне домалату. Қ\о:«Өз үйінді тап»	Қауіпсіздік ережесі «Егер адасып қалсам, не істеу керек?» МУЗЫКА «Ертегілер елінде» М: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен	1.Желді бақылау. М:Өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып.	1.Бұлттарды бақылау М: Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай.	1.Ауладағы ағаштарды бақылау М:ағаштар туралы білімдерін молайту; - ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да.	1.Маусымдық өзгерістерді бақылау. М:Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы	1.Терек ағашын бақылау М:Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-

	Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. 2.Қимылды ойын «Мысық пен тышқан». М: Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. М: қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу 3.Еңбек: Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. М: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: -Бүгін ауа райы қандай? <i>(суық, желді, аязды)</i> -Қыс мезгілінде желді қалай атайды? <i>(боран, үскірік)</i> Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады?(комп аспен, зырылдауықпен) Жел қалай пайда болады?	Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. 2.Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей». М: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету. Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. М: Сырғанауға үйрету; Сырғанау кезінде отыруға үйрету. 3.Еңбек: Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. М: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз еріп. 4.Жеке жұмыс: -Бұлттар қандай болады?	Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. 2.Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» М: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. Жаттығу ойындары Секіру М: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру 3.Еңбек: Жолды қардан тазалау. М: аула қараушыға көмектесу. Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады. 4.Жеке жұмыс: Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? Зерттеу жұмысы Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру 5.Еркін ойындар.	бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды. 2.Қимылды ойын: «Төбешіктен- төбешікке». М: ұзындыққа секіру <i>дағдыларын</i> <i>қалыптастыру</i> Жаттығу ойындары «Кім жылдам?». М: -Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. 3.Еңбек: Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу М: достық қарым- қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: жұмбақ жасыру Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым.	қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсындар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен коректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады. сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Әсем биік теректер, Балаларды өбектер. Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.) Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз
--	---	--	--	---	--

	<i>Тәрбиеші түсіндіреді:</i> Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады. 5.Еркін ойындар.	-Олар қайдан пайда болады? -Бұлттар нелерге ұқсайды? Зерттеу жұмысы Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. 5.Еркін ойындар.		(сүңгі) Балаларға сұрақтар Қыста неше ай бар? Қыс айларын ата? Қыстың ең соңғы айы қай ай? Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру Халық болжамы: Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. 5.Еркін ойындар.	бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады) Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.) Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін) Зерттеу жұмысы Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.) 2.Қимылды ойын: «Бәйге» М: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру М: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру. 3.Еңбек: Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. М:кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек. Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты
--	--	--	--	---	---

					кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. (<i>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек</i>)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Әлди әлди» әнін тыңдатып тәтті ұйқыға жатқызу.	«Алтын сақа» ертегісін айтып балаларды ұйықтату.	«Бесік жырын» тыңдату арқылы балаларды ұйқыға жатқызу.	«Мақтақыз бен мысық» ертегісімен балаларды ұйқыға жатқызу.	«Үйшік» ертегісін оқып, балаларды ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) (<i>дене белсенділігі</i>) Картотека: №13,14,15,16,17.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Не артық?» М: Берілген тапсырма-ларда белгілі бір заттарды ұқсастығына қарай топтастыру. <i>(танымдық-коммуникативтік қызмет)</i>	Драматизациялық ойын: «Бауырсақ» ертегісі М: Ертегіні сахналау арқылы сөздік қорын дамыту.Түрлі рөлдерді қабылдай білуге жаттықтыру. <i>(танымдық-коммуникативтік қызмет)</i>	Сюжетті-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, отбасында атқаратын қызметін үйрету.Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. <i>(танымдық-коммуникативтік қызмет)</i>	Дидактикалық ойын: «Бұл ненің азығы?» М: Қай азықтың қай жануарға тиесілі екен атап беру арқылы ой-өрісін дамыту. <i>(танымдық және коммуникативтік қызмет)</i>	Ұлттық ойын: «Асық жинау» М: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. <i>(танымдық-коммуникативтік қызмет)</i>
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын қалыпстыру. Асқар Диас Асқар Медина	Жаңылтпаштар жаттайық. Торта қойдым, Орта қойдым. Орта қойдым, Жорта қойдым. Топ бала, топ бала,Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала Қуады көп бала.	Суреттер құрастыру». Мақсаты: ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету. Ахатаева Дарья Бақтыбай Марғұлан	"Күміс қар" Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь.	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Қарапайым сұрақтарға жауап беруқабілеттерін жетілдіру. Даулеталы Нұрислам Елемес Айсұлтан

		Алмасұлы Нұрбатыр Асқар Диар		Бейсенбек Медина Данабек Айлин	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (<i>сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту</i>)				
Серуен	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5	Картотека №6	Картотека №7
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, дербес) 1.Қимылды ойын: «Мәреге кім бұрын жетеді» 2.Үстел үсті ойыны: «Пазл» 3.Ертегі оқу: «Қолғап» 4.Ұлттық ойын: «Асық ату» 5.Қимылды ойын: «Тышқандар»				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

С. Анош —

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі: 24.02-28.02 ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.02.2025	Сейсенбі 25.02.2025	Сәрсенбі 26.02.2025	Бейсенбі 27.02.2025	Жұма 28.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау. Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата- анамен әңгімелесу. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата аналарға кеңес беру «Тазалық-денсаулық кепілі!»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы: «Қораз» Қораз, қораз қоқылдақ, Ерте-тұрар-қоқылдап. Алтын айдар басында Ән салар үй қасында . <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Жаңылтпашты жаңылмай айт Даланы қар жабар, Қарға балалар, аққала қалар ! <i>(танымдық және коммуникативтік қызмет)</i>	Кітап бұрышында әңгімелесу, суретті кітаптарды қарау. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Үстел үсті ойыны: «Көңілді қыстырғыштар» М: Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын, шығармашылық қабілетін дамыту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	«Саусақтар жүреді» ойыны: М: Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүру, қол моторикасын дамыту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Дос бол сабын суменен, жуын күнде суменен, жуынсан сен әрдайым, таза бетін маңдайын") Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҮІӨ)	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	Ойын: «Қай дыбыстан басталады?» М: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік танымдық және шығармашылық іс-әрекет)</i>	Дамытушы ойыны: «Түрлі-түсті таяқшалар» М: Затты, суретті өз бетінше қарап сипаттауға баулу. <i>(сөйлеуді дамыту танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Ойын: «Кім тапқыр?» М: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы ұғымдарын кеңейту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Жұмбақ шешу: Маған да, саған да, Жақын, туыс адамдар. Бәрі де өз жұртың, Айтыңдар, олар кімдер? (Отбасы) М: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету. <i>(қоршаған ортамен)</i>	Ойын: «Кім шебер?» М: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды үйрету. <i>(шығармашылық, коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>

				<i>таныстыру және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	
Кестеге сәйкес ҰІӨ	<i>Қазақстан Республикасының әнұранын орындау</i> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Жүгіру; Сапта бір-бірден, шеңбер боймен, «жыланша», шашырап жүгіруді үйрету. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыруды жаттықтыру.. ҰО: «Көкпар»	Қазақ тілі «Сөз ойла, тез ойла» М:Қазақ тіліне тән ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлеу білуді дамыту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i> МУЗЫКА «Анашым - анажаным» М:Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Шапшаң және баяу қарқынмен ауыстырып жүгіруді дамыту. Төрттағандап еңбектеуді жаттықтыру. ҚО:«Кім жылдам?»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М:Доптармен, секіргіш термен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіруді баулу. Ұлттық ойын: «Теңге ілу»	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> «Қауіпсіз қала» МУЗЫКА «Анашым - анажаным» М:Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен	1.Күн мен түн неге ауысады? М:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) Орақ болып туады,	1.Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау М: Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. 2.Қимылды ойын: «Аңшылар мен аңдар» М:Қозғалыс дағдыларын бекіту;	1.Қарды бақылау М:Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз.	1.Желді бақылау М:Өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай.	1.Бұлттарды бақылау М: Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты

	Табак болып тынады (ай) Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді) Күн неге батады? (жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.) Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Танертең, түсте, кешке	Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». М:тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру . 3.Еңбек :Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру. М: Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: жұмбақ жасыру -Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. Олар неден жасалған? (темір сымдардан) Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды	Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. 2.Қимылды ойын: «Екі аяз». М:кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?». М: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру. 3.Еңбек:	2.Қимылды ойын «Мысық пен тышқан». М: Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. М:қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу 3.Еңбек: Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. М: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: -Бүгін ауа райы қандай? <i>(суық, желді, аязды)</i> -Қыс мезгілінде желді қалай атайды? <i>(боран, үскірік)</i> Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады?(компаспен, зырылдауықпен) Жел қалай пайда болады? <i>Тәрбиеші түсіндіреді:</i> Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан	тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. 2.Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей». М: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету. Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. М:Сырғанауға үйрету; Сырғанау кезінде отыруға үйрету. 3.Еңбек: Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. М: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз еріп. 4.Жеке жұмыс: -Бұлттар қандай болады? -Олар қайдан пайда
--	--	--	---	--	--

	зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). 2.Қимылды ойын: «Күн мен түн» М: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». М: мергендіктерін дамыту. 3.Еңбек: Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. М: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. 5.Еркін ойындар	алысқа лақтырады) Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады. 5.Еркін ойындар	Сырғанаққа су себу М: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: -қыс айларын атаңдар? -қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? қарқатқақ қалай пайда болады? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. 5.Еркін ойындар	жел пайда болады. Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады. 5.Еркін ойындар	болады? -Бұлттар нелерге ұқсайды? Зерттеу жұмысы Аспаннан атқа немесе түйеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. (<i>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек</i>)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Шынашақ» ертегісімен балаларды ұйқыға жатқызу.	«Бесік жырын» тыңдатып тәтті ұйқыға жатқызу.	«Тапқыр қоян» ертегісін айтып балаларды ұйқтату.	«Әлди әлди» әнін тыңдатып тәтті ұйқыға жаттығу.	Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу, жағымды көңіл күй орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) (<i>дене белсенділігі</i>) Картатеке:№18,19,20,1,2.				

Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» М: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. <i>(танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Драматизациялық ойын: «Мысық ,әтеш және түлкі» ертегісі М:Ертегіні сахналау арқылы сөздік қорларын молайту <i>(танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Сюжетті-рөлдік ойын: «Құрылысшы» М: Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. <i>(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Қ\о: «Ханталапай» М: Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» М:Сандардың құрамын анықтап, көршісін тауып, дұрыс орналастыра білуге үйрету. <i>(танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	«Қандай көлік?» Көліктің түрлерін атап, ажырата білуге үйрету. Нұрлан Адель Нұрхадыр Нұрлыхан	Тіл ұстарту жаттығуы: Үз-үз-үз суда еркін жүз, Ақ-ақ-ақ сылдырайды бұлақ. У-у-у таза болсын су, У-у-у сен қолыңды жуу. Ахатаева Дарья Бақтыбай Марғұлан	Қ/ойын: «Кеглиді соқ» Міндеті:Байқағыштарын,жан - жақты бақылау. Бейсенбек Медина Данабек Айлин	Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтауға бояуға үйрету. Даулеталы Нұрислам Елемес Айсұлтан	Д/о: «Әнді тап» Шарты: музыка әуені қосылғанда қандай ән екенің балалар тауып сөзін айту. Ерланқызы Айзере Жетпісбай Ахмад
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен	Картотека№8	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, дербес) 1.Қ\о:«Кім жылдам?» 2. Жұмбақ шешу 3.Ертегі оқу: «Әтеш пен тотықұс» 4.Ұлттық ойын: «Білектесу» 5.Санамақ жаттау.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.03-07.03 наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.03.2025	Сейсенбі 04.03.2025	Сәрсенбі 05.03.2025	Бейсенбі 06.03.2025	Жұма 07.03.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау.Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгімелесу, кеңес беру	«Менің отбасым» (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)				
	Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата аналарға кеңес беру: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Көрікті көктем» әңгімелесу. М: Байланыстырып сөйлеуін дамыту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Саусақ санау ойыны Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға бидай шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек Шылдыр шүмек Кішке бөбек <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Мобильді кітапхана «Қаңбақ шал» ертегісін тыңдау. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>	Көркем сөз: Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды <i>(қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)</i>	Еркін ойын: «Телефон» М:Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары				
			қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: <i>Дидактикалық ойындар.</i> Тәжірибе және сараптама, «Тұқымның саяхаты» Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.) Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс. Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай, жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі. <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру. 5. Еркін ойындар.	<i>сараптама.</i> «Ағаштар мен бұталарды отырғызу үшін не керек?» Ағаштарды отырғызу үшін керек заттар мен құралдар туралы білімдерін бекіту. (ойын үшін әр түрлі ойыншықтар шығару; қасық, кубик, қуыршақ және т.б. еңбек құралдары: тырнауыш, күрек.) «Қалай аталады?» Берілген суреттердің арасынан ағаштарды, бұталарды және гүлдерді топтау дағдыларын арттыру. <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Балаларға өз рөлін және басқа ойыншылардың рөлдерінің мазмұнын есте сақтауға үйрету. Ойын барысында балалар ауысып 2-3 рөлді ойнау алуы, ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас ережелерін білу, бой ұсындыру, теңдік басқару. 5. Еркін ойындар.	қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру. Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды, іскерлік мәдениетті тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: <i>Дидактикалық ойындар.</i> Тәжірибе мен сараптама. «Бұтағына қарай ағашты табу» Бөліктерден бүтін құрау. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету. <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Ойынды ұйымдастыру барысында (қажетті жағдайда және оның барысында) балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын, өз рөлдерінің орнын білуін, бір-біріне достық сезіммен қарауын, қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу. 5. Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. (<i>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек</i>)				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы			Ертегі: «Жеті лақ» ертегісін оқып,	Балаларды жағымды әуенмен ұйқыға жатқызу.	Ертегі: «Мақтаншақ қоян»

			балаларды ұйықтату.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) <i>(дене белсенділігі)</i> Картотека: №15, 16, 17				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Сюжетті-рөлдік ойын: «Емхана» М: Үлкендердің еңбегін бағалауға, мамандық таңдауға қызығушылығын тудыру. <i>(танымдық, коммуникативтік ойын қозғалыс іс әрекет)</i>	Ұлттық ойын: «Орамал тастамақ» М: Балаларды ептілікке, ширақтыққа, алғырлыққа үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Дидактикалық ойын: «Төлін тап» М: Үй жануарлары мен олардың төлдерінің ажырата білу. <i>(қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)</i>
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)			«Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйренейік. Данабек Айлин Даулеталы Нұрислам	Қ/о: «Тақия тастамақ» Мақсаты: балалардың ептілігін, зейінін дамыту, жылдамдыққа баулу. Айтқұл Бағлан Алмасұлы Нұрбатыр	Көлік түрлерін (әуе, су, жерде жүретін көлік тер) ажырата, көлік құралдарын атайды, жа яу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді білуге дағдыландыру. Абдималик Айзере Абдықалық Темирлан
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен			Картотека №15	Картотека №16	Картотека №17
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, дербес) 1.Қимиылды ойын: «Кім жылдам?» 2. «Жаңылтпаштар» 3.Ұлттық ойын: «Асық ату»
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.

С.Аюев —

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03 - 04.04 сәуір айы , 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 31.03.2025	Сейсенбі 01.04.20245	Сәрсенбі 02.04.2025	Бейсенбі 03.04.2025	Жұма 04.04.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау.Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгіме, кеңес беру	«Өткен мерекелер туралы» (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)				
	Балаларды өткен мерекелерді еске алуға, түрлі сезімдерді, жақсы көңіл-күйді оятуға шақыру. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес беру «Балаға дәруменнің пайдасы!»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жаттығу ойыны: «Тырс-тырс тамшылар» Бір тамшы, екі тамшы, Тамшылар асықпайды. Тырс-тырс, тырс- тырс, Ақырын тамшылайды. Тездетеді тамшылар, Сулаймын деп асығар. Қол шатырды аламыз, Жаңбырдан біз қашамыз. <i>(коммуникативтік, ойын, қозғалыс іс- әрекеті)</i>	Саусақ ойыны: «Бас бармақ» Бас бармақ – байтақ, Балаң үйрек – көмек, Орган терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>	Мобильді кітапхана «Мақта қыз бен мысық» ертегісін тыңдау. М: Ертегі тыңдау арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс- әрекет)</i>	Көркем сөз: Көктем келді табиғатты оятып, Күн күркірі, нөсерімен тоя түп. Ағаштардың тамырына қан жүрді, Жапырағын жасыл түске боятып. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>	Қазақтың ұлттық ойыны: «Орамал тастамақ» М: Балаларды ептілікке, ширақтыққа, алғырлыққа үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс- әрекет)</i>
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				

	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу, жусаң сен әрдайым, таза бетің мандайың") Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу. Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған ойын-әрекетіне дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Бұл қай ертегі? » М: Ұсынылған сюжеттер бойынша қойымылдарды сахналауға үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	«Ертегілер еліне саяхат» М: Кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі құрастыруына мүмкіндік беру. <i>(коммуникативтік, танымдық және шығармашылық іс-әрекет)</i>	Ойын: «Жасырылған пішінді тап» М: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. <i>(танымдық, коммуникативтік және эксперимент іс-әрекет)</i>	Ойын: «Ойлан, тап!» М: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен әшекейлерімен таныстыру. <i>(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Ойын: «Ыдыстарды әшекейле» М: Ұлттық ою-өрнектерді қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. <i>(шығармашылық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>

Кестеге сәйкес ҮІӨ	<i>Қазақстан Республикасының әнұраны</i> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, доптардан аттай жүруді үйрету. Қ/О: «Бәйге»	Қазақ тілі Ойын: «Кім тапқыр?» М: Көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға өз ойын білдіруге баулу. МУЗЫКА Т: «Ауылдағы той» М: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалатуды үйрету. Қ/О: «Кегілді соқ»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Допты бір –біріне төменне лақтыру, бастан асыра лақтыруды үйрету. Қ/О: «Түлкімен қояндар»	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> <i>«Қауіпсіз үй. Үйде жалғыз қалғанда»</i> МУЗЫКА Т: «Ауылдағы той» М: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (<i>сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту</i>)				
Серуен	1.Құстардың ұшып келуін бақылау <i>Бақылау</i> Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін,	1. Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау <i>Бақылау</i> Қараторғайдың үйшігінде немен шұғылданып жатқанын бақылау; үйшіктен ескілерін лақтырып тастайды, қай кезде үйшіктегі торғайларды қуады. Қараторғайдың өз үйшігі алдында қалай ән салғанын қарау. Тұншыға	1.Ұяларды бақылау <i>Бақылау</i> Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту, бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу, оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау.	1.Суда жүзетін құстарды бақылау <i>Бақылау</i> Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді. Көркем сөз Мақал Құстың күші-қанатында, Адам күші-достықта. Тақпақ Баласын ертіп соңынан Сүңгіп, жүзіп үйретт.і Су жұқпайтын тонына,	1. Жәндіктерді бақылау (қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз, солдатиктер, маса) <i>Бақылау</i> Балалардың жәндіктердің тіршілік орны, қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету. Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау, байқампаздықтар

	ұқсастықтарын айыра білу. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. Көркем сөз Жұмбақ Түгі қара мақпалдай Төсі ақ сыр жаққандай Ұшса оқтай зулайды Көктен жұлдыз аққандай (қарлығаш) Болжам Шағала ұшып келсе мұз кетеді. Тақпақтар Жасыл келіп жатты алап Қуды көктем қыс күнін Айыр құйрық ақ тамақ Келді аяулы құс бүгін 2.Қимылды ойын: «Лашын мен ұябасар» Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап	айтады, қанаттарын қағады,басын шайқайды және тұмсығын кең ашады; әндері әр түрлі дыбыстарды еске түсіреді. Миялаған сияқты, әтештің шақыруы,болмаса арбаның шиқылы. Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Жыл құстарын қарсы алуға үлес қосуға тарту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. Көркем сөз Тақпақ «Ұзағым келдің бе?» Е.Ерботин Көктемді хабарлап Ұзағым,келдің бе? Қойып ем даярлап Ұяңды көрдің бе? Болжам Қараторғай көрсең- көктем келді дей бер. 2.Қимылды ойын: «Қарлығаш» Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп,қарлығашты	(қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б)Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Тал басында Түндіксіз отау . (Құстың ұясы) Болжам Егер жыл құстары ұясын ағаштың күн жағына салса-суық жазға,ал көлеңке жаққа-жылыға.Егер қарға ағашқа ұясын төмен салса-үлкен су тасқынына,жоғары-күшті су тасқынына. Егер ұзақ құсы ұясын реттеуге асықпаса- жылы күндерді күту ерте болады. 2.Қимылды ойын: «Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету.	Кім білмейді үйректі. Болжам Егер жабайы үйректер күндіз қопа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге. 2.Қимылды ойын: «Үйрек» Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді. 3.Еңбек: Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру. Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау.Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе мен сараптама. Дидактикалық ойын. « Не дәмді?» Суретке қарап әр құстың тамағын тауып,көрсету. Шағала-балық,үйрек-балдыр,көкқұтан-бақа,торғай-жем,жапалақ-тышқан және т.б Тәжірибе. «Суда жүзетін құстардың	ын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау. Көркем сөз Жұмбақ Шидім,шидім,шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Болжам Ауа райы бұзыларда қоңыздар ызылдайды, егер қатты ызылдаса- ашық жылы ауа райына. Маса жарыққа қарай ұшса-суыққа. 2.Қимылды ойын: «Көбелектер, бақалар,көкқұтан» Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. 3.Еңбек: Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Тәрбиешінің тапсырмасын орындау
--	--	---	---	--	---

	қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. 3.Еңбек: Алаңдағы құстарды тамақтандыру Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік – әрекеттілікті тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе және сараптама. Дидактикалық ойын. «Сауысқан да, қарға да емес» Сурет бойынша әр түрлі құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету. Ойынмен балалардың көңілін көтеру. Өз бетімен іс-әрекет:	босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ бағалай білуге тәрбиелеу. 3.Еңбек: Гүлзардағы топырақты қопсыту Гүлзардағы көктемгі топырақты қопсытуға балаларды қатыстыру. Еңбек етуге не қажеттігін балалардың өз бетімен шешуін үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай, бірігіп еңбек етуге машықтандыру. Еңбек барысында ұйымшылдық сезімдерін қалыптастыру. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе және сараптама. Дидактикалық ойын. «Құсқа үйшік тап» Сурет бойынша әр құсқа сай үйшік табу. Құстардың қылығы олардың қоршаған ортаға бейімделуі туралы	3.Еңбек: Құстарға ұя жасауға көмектесу. Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе мен сараптама. Тәжірибе. «Құстардың қанаттарының құрылысы қандай?» Құстың қанатын анықтап қарау(желпуіші бекітілген негіз,) (қанат жеңіл,өйткені негіздің ортасы бос) олар неге ақырын ұшып түседі? Құс қанатын қаққанда не болады?(қанат жеңіл,серіппелі,қалық тай ұшады) Табиғи жағдайдағы құс тіршілігін оның құрылысымен	тұмсығы неге осындай?» Құстардың тіршілігі мен құрылысы арасындағы байланысты анықтау. Қорытынды. Үйректердің, қаздардың және аққулардың тұмсығы жалпақ,ұзынша болады:ол жемін ұстап алуға, сүзгіден өткізуге, суда өзжемін табуға көмектеседі. Өз бетімен іс-әрекет: Ойын таңдау барысында балалардың дербестігін дамыту. Ойынның мазмұнын құруда және барысында белсенділікті тәрбиелеу. 5. Еркін ойын	дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе мен сараптама. Дидактикалық ойын. «Төртінші артық» Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жөндіктер туралы білімін пысықтау. Өз бетімен іс-әрекет Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын,мүдде сін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. 5. Еркін ойын
--	---	---	--	---	--

	Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну. 5. Еркін ойын	білімдерін кеңейту. Өз бетімен іс-әрекет: Балаларды тандап алған тақырып бойынша әр түрлі көмекші заттардың көмегімен құрастыруды, ойыншықтарды ауыстырып ойнауды, ойын барысында қолдана білуге үйрету. 5. Еркін ойын	байланыстыру. Өз бетімен іс-әрекет: Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету. (үй, кеме және т.б) Ойын барысында табиғи заттарды қолдану (құм, су және т.б) Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту. 5. Еркін ойын		
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. <i>(көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек)</i>				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Тыныш ұйқы ұйымдастыру.	«Алтын сақа» ертегісін тыңдату.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	Бір-біріне жақсы тілек айтып ұйқыға жатқызу.	«Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) <i>(дене белсенділігі)</i> Картотека: №19, 20, 1, 2, 3.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұлттық ойын: «Ханталапай» М: Балаларды шашылған асықтарды ептілікпен шапшаңдылықпен жинауға баулу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс- әрекет)	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта» М: Сезу қабылдаулар арқылы анықтау ептілігін дамыту. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, эксперименттік іс- әрекет)	«Бұл кім?» ойыны М: Өз достарының даусын танып ажырату. (ойын, танымдық іс- әрекет)	Сюжетті- рөлді ойын: «Дәрігер» М: Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға мүмкіндік туғызу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)	Ұлттық ойын: «Асық ату» М: Балаларды ұлтжандылыққа, дәлдікке баулу. (ойын, қозғалыс әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	«Сап түзейік әдемі» ойыны Жетпісбай Ахмад Нұрлан Адель	«Ертегіні жалғастыр» ойыны Асқар Медина Ахатаева Дарья	«Кеңістікті бағдарла» ойыны Қадырбек Раяна Қожайбай Ұланбел	«Нота үйренейік» ойыны Рахман Зере Абдімәлік Адия	«Болады- болмайды» ойыны Серік Айым Сатжан Хантөре
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека№18	Картотека№19	Картотека№20	Картотека№21	Картотека№22
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	1.Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» 2.Дидактикалық ойын:«Бөлігін тап» 3.Үстел үсті ойын:«Көңілді таяқшалар» 4.Қимылды ойын:«Кім жылдам?» 5.Ертегі оқу:«Қырғауыл мен түлкі»				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.04- 11.04 сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 07.04.2025	Сейсенбі 08.04.2025	Сәрсенбі 09.04.2025	Бейсенбі 10.04.2025	Жұма 11.04.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау. Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгіме, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата- анамен әңгімелесу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата аналарға кеңес беру: «Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем сөз: Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	«Салат» саусақ ойыны: Сәбізді алып тазалаймыз, Үккішпен үгіп майдалаймыз. Қанттан сеуіп дәмдейміз, Міне, дайын нәр тағам, Дәруменге байыған! <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Кітап бұрышы: Кітап бұрышында ертегі кітаптарды қарау. <i>(коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Көркем сөз: Тамшы, тамшы, тамшылар, Көгерді ағаш, тал шынар. Тамшылардан өнетін, Тамаша гүлдер бар шығар. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Пазлдармен үстел үсті ойыны: М: Ойлауын және ұсақ қол моторикаын дамыту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Дос бол сабын суменен, жуын күнде суменен, жуынсан сен әрдайым, таза бетін маңдайын") Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдасты рылған іс-	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	Ойын: «Мен	Ойын: «Кім	«Салыстыр»	Ойын: «Кімге не	«Конструктор»

әрекетке дайындық (бұдан әрі ҮІӨ)	бастайын сен аяқта» М: Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. (коммуникативтік, танымдық және шығармашылық іс-әрекет)	жылдам?» М: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін сақтау. (қимыл қозғалыс, коммуникативтік іс-әрекеті)	М: Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамайақ салыстыру. (танымдық, коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет)	қажет?» М: Әртүрлі көлік құралдарымен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет)	М: Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (шығармашылық танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақстан Республикасының әнұраны ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Төрт тағандап еңбектеуді үйрету. Қ/о: «Көбелегім ұш»	Қазақ тілі Ойын: «Сурет бойынша әңгімеле» М: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. (коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет) МУЗЫКА «Ғарышкерлер» М: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: 50 сантиметрге ілінген арқанның астынан еңбектеуді үйрету. Қ/о: «Қолшатыр»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету. Қ/о: «Қаздар мен түлкі»	Қауіпсіздік ережесі «Табиғаттағы қауіпсіздік» МУЗЫКА «Ғарышкерлер» М: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	1. Улы өсімдіктерді бақылау. (жабайы итмұрын, мендуана)	1. Шоқыларды бақылау Бақылау	1. Наурыз шешектерін бақылау (өгейшөп, інжугүл)	1. Топырақты бақылау Бақылау	1. Балықтарға бақылау жасау Бақылау

<i>Бақылау</i> Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін:жол жиегінде;сурет және белгілері,тәрбиеші суреттемесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйрету. Мендуананың сабағы жуан,тарам-тарам,жабысқақ, талшықтары жағымсыз иісті, гүлдері сарғыш көгілдір жиектерімен;жаз бойы гүлдейді,күзге қарай жемістері піседі-қорабындағы тұқымдары қара-сұр көкнәрға ұқсас.Бұл өсімдіктің ең улы бөлігі. Жабайы итмұрынның сабақтары жіңішке,тегіс,жапырақтары қысаң,ашық-жасыл түсті,гүлдері ұсақ,сары түсті.Өсімдіктің жасыл-сұр түсті бұршаққа ұқсас тұқымы-улы бөлігі болып табылады. Көркем сөз Тақпақ	<i>Бақылау</i> Балалармен алыстан көрінген шоқыларды қарау. Шоқы –бұл дөңгеленген тау биіктігі екені туралы түсінік беру. Бұрынғы кезде шоқылардың орнында қатты шыңдар болған,бірақ уақыт өткен сайын табиғатта тастар бұзылады. Ол ауа райының өзгеруі,су мен өсімдіктердің өзгеруіне байланысты.Табиғат тудырған әр түрлі заттарды айыра білуді үйрету. Балалардың эстетикалық сезімдерін,отанға деген махаббаттарын дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Жерде тұрып бөркіммен, Аспанға кебемін. (Шоқы) Мақал-мәтел Шыңды жүрген жеңеді. 2.Қимылды ойын: «Омпы» Асық соғуда балалардың көз мөлшерін дамыту,ұйымшылдық және дербестігін тәрбиелеу. 3.Еңбек: Қажеттілігі бойынша Балаларға	<i>Бақылау</i> Балалардың көктемнің алғаш гүлдері туралы түсініктерін бекіту. Бұл көпжылдық өсімдіктер, яғни олар көп жыл бойы өседі және гүлдейді. Олар қыстың күні қардың астында сақталады,күн жылына олар оянады да олардың тамырынан сабағы және жапырақтары өседі. Ерте гүлдеуші өсімдіктерді ерекшеліктеріне сай анықтауды және атауды үйрету; өсімдіктердің ұқсастығын және ерекшелігін салыстыра білуді үйрету. Ерте гүлдеуші гүлдер өсуге қажетті жағдайлар болса тез өсетіні туралы түсініктерін бекіту. Алаңқайды күн әдемі қыздырса-жер еріп жылынады. Көркем сөз Жұмбақ Жасыл жіпте-ақ қоңыраушалар Жасыл түйінде-ақ бұршақтар. (Інжугүл) Неге олар бұлай	Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру:құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді,сондықтан көпке дейін кеппейді,ал құмды жер суды өткізеді,сондықтан тез кебеді.Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату,соны көре білу. Көркем сөз Жұмбақ Оны басып жүреді, Оны кескілейді Бірақ ол ренжімейді Мейірімділік білдіреді. (Топырақ, аңыз) Болжам Сәуірдің суы болса, көк көп болар, Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар. Мақал-мәтел Мал баққандыкі,жер баптағандыкі 2.Қимылды ойын: Балалар тандауымен. Қимыл әрекетін дамыту;бірлескен ойыннан қанағат алу. 3.Еңбек: Топырақты құнарландыру	Өзен жағасында отырған балықшыларға балалардың назарын аударту. Олар немен айналысып жатыр? (балық аулап жатыр) Балықшының құрал-сайманын қарап алу(қармақ,балыққа арналған шелек,құрттар салынған бәнкі). Балықшылардың өзенге қармақ лақтыруын және оны тағатсыздана күтіп, балықтың қармаққа қабуын бақылау. Балаларды табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға үйрету. Өзенде балық көп болған жағдайда, өзен суы таза, мөлдір болатыны жайлы түсінік беру. Байқампаздық пен сезімталдықты дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Аузы бар,тілі жоқ, Терісі бар,жүні жоқ Тірегі бар,ізі жоқ Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) Тақпақ
--	--	---	---	---

	Итмұрындар самсаған, Қызыл гүлдей жайнайды Аузыңа оны салсаң-ақ Үйірер тіл,таңдайды. 2.Қимылды ойын: «Көтермек» (қазақтың ұлттық ойыны) Балалардың күшін,шыдамдылығын дамыту.(ойыншылар шынтактарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады).Жарысқа қызуғышылықтарын қолдау. 3.Еңбек: Арам шөптерді жұлу Арам шөптер туралы түсініктерін кеңейту(қалуел,алабот а,бидайық және т.б);шөпті отау(екпе шөпке кедергі жасамау,жарықты және ылғалды алмау үшін).Бастаған істерін аяқтау дағдыларын тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Тәжірибе және сараптама Дидактикалық ойын: «Кім зерделі?» Өз ойларының қателігін таба білуге үйрету.Улы өсімдіктер туралы білімдерін	тапсырмаларды өз бетімен орындауға үйрету. Біріккен еңбек іс-әрекетінде ат салысу тілектерін тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама Тәжірибе. «Су тасты қозғайды» Қатқан су тасты қалай қозғайтынын білу. Балалар аузымен суды толтырып сабан талына құйып түбін ермексазбен жауып тоңазытқышқа қояды. Қорытынды:тығын ермексазды су орнынан қозғалтып(сабан талындағы судың көлемі үлкейген тығынды орнынан жылжытқан) <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз ойын,көзқарасын,мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстарымен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. 5. Еркін ойын	аталады? Өгейшөп - жапырақтары оң жағынан жылы,жұмсақ-ана сияқты,сол жағы-суық,өгей шеше сияқты. Болжам Егер өгейшөп гүлі түнге қарай жапырақтарын тығыз жапса-ауа райы бұзылады. 2.Қимылды ойын: «Көктемгі гүлдер» Екі топқа бөліне білу;гүлдердің атауын бекіту.(ойыншылар өздеріне ат таңдайды-гүл атауын); ауызша белгіні сезіне білу(бірінші топтың балалары гүлдердің атауын атайды;аталған «гүлдер» жан-жаққа қашады); ойын шартын сақтау. (барлық гүл атаулары аталғаннан кейін топтар орындарымен ауысады) 3.Еңбек : Гүлзарда,бақшада атыз қазу Балаларды атыз қазуға қатыстыру,бұл жұмыстың маңыздылығын	Балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқыпты құнарландыруға үйрету;белгілі мөлшерде нәрлі ерітінділерді құю. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және сараптама Тәжірибе «Топырақтағы ауаны анықтау» Бақшадағы саз бен топырақтың қасиетін анықтау. (саз бен топырақтың бір-бір кесегін суға салу;топырақта көпіршіктер пайда болады, ал сазда ештеңе болмайды) Қорытынды. Саз қатты тас сияқты онда ауа аз, ал топырақ тығыз емес, сондықтан өсімдік өсу үшін онда ауа бар. <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> 3-4 топтан тұратын ойыншылардың бастапқы затты кеңістіктегі ойындарының атауын алдын-ала келісіп	Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағыңды қап, балық! 2.Қимылды ойын: «Қармақ» Шыр айналған жіптен секіре білуді бекіту,жіп ұшына құм салынған қап байланады. Зейінді дамыту. 3.Еңбек: Гүлзарға гүл тұқымын отырғызу Тұқым туралы түсінігін бекіту, өздерінің тұқымды еге білуін жетілдіру. (тұқымды бармақтай шұңқырға арақашықтығын 3 см етіп қайта топырақпен көму,су құю. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Тәжірибе мен сараптама. Дидактикалық ойын. «Біз қайда болғанымызды айтпаймыз,не істегенімізді көрсетеміз» Тапқырлық пен байқампаздықты дамыту. Өзіндік іс-әрекет Бірлескен ойын
--	---	---	--	--	--

	бекіту.(Мысалы:меңду ананың гүлдері сары,ал жабайы итмұрынның гүлі-кішкентай.Инжугүлдің жапырағы жалпақ,ал алқаныкі жасыл. Жабайы итмұрынның тұқымы домалақ,ал алқаныкі қара және т.с.с) <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Рөлдерді,ойыншықтарды,міндеттерін бөлу барысында құрдастарының ұсыныстарымен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. 5. Еркін ойын		түсіндіру,әр баланың жұмысқа қатысуы жүйелі болуын қадағалау. 4. Жеке жұмыс: Дидактикалық ойын.Тәжірибе және сараптама Тәжірибе. «Өсімдік өсу үшін не қажет?» Өсімдікке қажет сыртқы ортаның негізін көрсету.(су,күн,жылу) Қорытынды:Күн қыздырады,қар еріді,жер жылынды,бірінші гүлдер пайда болды. <i>Өз бетімен іс-әрекет</i> Балалардың топқа бөлініп ойнауы,бір-бірімен дұрыс тату-тәтті қарым-қатынаста болып балалар ұжымының бірлестігінің дамуына негіз болады. 5.Еркін ойын	ұйымдастыру,рөлін бөлісу іс-әрекетін балалардың өздері басқаруын қадағалау. 5.Еркін ойын	барысында өз тәртібіне жауапкершілікпен қарау.Ойын іске асыру. 5.Еркін ойын
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , жұмбақтарды шешу, тіл ұстарту жаттығулары, санау және т. б. (<i>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек</i>)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Әлди әлди» әнін тыңдатып тәтті ұйқыға жатқызу.	«Сәруар» ертегісін айтып балаларды ұйықтату.	«Бесік жырын» тыңдату арқылы балаларды ұйқыға	«Түлкі мен тырна» ертегісін тыңдату.	Музыка әуенімен балаларға жағымды жағдай орнату.

			жатқызу.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) <i>(дене белсенділігі) Картотека № 4,5,6,7,8.</i>				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті- рөлдік ойын: «Емхана» М: Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуді, берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта» М: Сезу қабылдаулар арқылы анықтау ептілігін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Драматизациялық ойын: «Үйшік» М: Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сахналау. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Қимылды ойын: «Асық жинау» М: Балаларды шашылған асықтарды түсіне қарай ептілікпен шапшаңдылықпен жинауға үйрету. <i>(ойын, қозғалыс іс-әрекеті)</i>	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы тізбектер» М: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. <i>(танымдық, коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	«Аққу мен қаздар» ойыны Нұрлан Адель Нұрхадыр Нұрлыхан	«Кім зерек?» ойыны Бақтыбай Марғұлан Бейбарысұлы Ақарыс	«Кеңістікті бағдарла» ойыны Асқар Диас Асқар Медина	«Көлеңкесін тап» ойыны Айтқұл Бағлан Алмасұлы Нұрбатыр	«Жол белгілерін ата» ойыны Абдималик Айзере Абдықалық Темирлан
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				
Серуен	Картотека№23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26	Картотека №27
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Өр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, дербес) 1. Ертегі оқу: «Екі дос» 2. Ұлттық ойын: «Қол күрес» 3. Санамақ жаттау 4.Ұлттық ойын: «Теңге ілу» 5. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»				

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.

С. Аноф

Жоспардың құрылу кезеңі: 14.04 -18.04 сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 14.04.2025	Сейсенбі 15.04.2025	Сәрсенбі 16.04.2025	Бейсенбі 17.04.2025	Жұма 18.04.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жақсы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуін қадағалау. Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет)</i> <i>«Күй күмбірі – күй тыңдау»</i>				
Ата-аналармен өнегелі әңгіме, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата- анамен әңгімелесу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды жиі еркелетесіз бе?»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тіл ұстарту жаттығуы: Шек-шек-шек Шығады бәйшешек. Жы-жы-жы Алға қарай жылжы. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» М: Ой-өрісін, шығармашылық қабілетін дамыту. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	Кітап бұрышы М: Кітаптағы таныс шығармаларды бір-бірімен талдау. <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)</i>	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» М: Логикалық және танымдық ойлау қабілеттерін дамыту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)</i>	«Саусақтар жүреді» М: Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүру, қол моторикасын дамыту. <i>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)</i>
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу, жусаң сен әрдайым, таза бетің маңдайың»)				

	Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу. Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҮІӨ)	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Әжемде қонақта» М: Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, «қонақ кәде», «сыбаға» <i>(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	«Көңілді доптар» М: Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. <i>(қимыл қозғалыс, коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>	Ойын: «Сиқырлы қоржын» М: Геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. <i>(танымдық және коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</i>	«Жыл мезгілдері» ойыны М: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, қар) кеңейту. <i>(қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік және шығармашылық іс-әрекет)</i>	Ойын: «Көңілді кірпі» М: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды үйрету. <i>(шығармашылық, коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<i>Қазақстан Республикасының әнұраны</i> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Бір орында тұрып секіруді үйрету. Қ/о: «Кенгуру»	Қазақ тілі Ойын: «Себетті өрнекте» М: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. <i>(коммуникативтік және танымдық іс-әрекет)</i> МУЗЫКА «Жаңбыр» М: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту.	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Велосипед тебуді үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қ/о: «Қояндар мен ит»	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ М: Қимыл қозғалыстарын жетілдіру, жылдамдыққа үйрету. Қ/о: «Қақпан»	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» МУЗЫКА «Жаңбыр» М: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>				

Серуен	1. МАИ инспекторын бақылау <i>Бақылау</i> Балаларды қозғалысты реттеуші МАИ инспекторының жұмысымен таныстыру. Үлкен көшелерде және бұрылыстарда қозғалысты басқаруда МАИ қызметкері-полицей көмектесетінін және оны реттеуші деп атайтынын оны балаларға түсіндіру. Бағдаршам сынып қалған уақытта ол өте қажет. Реттеуші таяқшасы бар. Түнге қарай ол таяқша жарқырап тұрады:жүргізуші және жаяу жүргіншілер реттеушінің белгісін анық көреді. Жол ережелерін қайталау;бағдаршам белгілері туралы білімдерін бекіту;балалардың назарын, ұқыптылығын,сезімталдық,сақтық сезімдерін тәрбиелеу. Көркем сөз Мақал-мәтел	1.Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау <i>Бақылау</i> Балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру.Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру. Көркем сөз Мақал-мәтел Еңбек етпесең, елге өкпелеме, Егін екпесең, жерге өкпелеме. Тақпақ Бітік егін өсіріп, Еліне бақ сыйлаған. Егінші ісін дөп біліп, Ол халыққа сыйлы адам. 2.Қимылды ойын: «Арқан тартыс» Күш-жігерді дамыту,қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту. 3.Еңбек: Гүлзарға гүл отырғызу. Гүл отырғызатын орынды таңдап алып	1.Үй құрылысын бақылау <i>Бақылау</i> Балалардың назарын құрылыс алаңына аудару. Үй құрылысында түрлі құрылыс машиналары қолданылады; Экскаваторлар,бульдозерлер,қада қағу жұмысында крандар, бетондық жұмыста бетон араластырғыш. Құрылыс алдында жерді қазып тұғыр орнатады. Құрылыс материалдары жоғарыға кран машиналары арқылы көтеріледі. Кран машинасының үлкен қолы бар,ол стрела деп аталады.Краншы кран машинасында отырып жұмыс басқарады. Ауыр жүкті қалың тросымымен көтереді. Еңбекке деген құрметке тәрбиелеу. Көркем сөз Мақал-мәтел Жан қиналмай, Жұмыс бітпес. Талап қылмай, Мұратқа жетпес. Тақпақ Үлгілерге қараймын, Үй іргесін қалаймын.	1.Ауа райына бақылау жасау <i>Бақылау</i> Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Жұмбақ жасыру Күн ұзарып Қар еріп, Су сайларға толады Айтыңдаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады? (көктемде) Мақал-мәтел Таудан су ақса, көктем келеді. Болжам Жерден әлі қар	1. Күнге бақылау жасау <i>Бақылау</i> Күннің маңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Көркем сөз Мақал Туған жердің күні де ыстық, Түні де ыстық . Жұмбақ Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ қарай алмайды . (Күн) <i>Болжам</i> Егер күн көзі қыста тұманға батса-боранға, Ал күн астынан қабатталған бұлт көрінсе- ауа райының бұзылуына. Тақпақ Күлімде,күн күлімде Жер жасарып көгерсін Кешегіндей бүгін де,
----------------------	---	--	---	---	--

	Таныс жол-қысқа Кім жолды білсе-сол адаспайды Жақсы жолсерікпен жол да қысқа. Тақпақ Бағдаршам Бас көшеде қырағы, Үш көзді дәу тұрады. Ашса кезек үш көзін Айтты деп біл үш сөзін. Тоқта,Сақтан,Жол ашық, Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда Сабыр сақта,баспа алға Сары көзін ашқанда Қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда Жүре бергін,жасқанба. 2.Қимылды ойын: «Үш ғажайып түс»(қызыл,сары, жасыл) Балаларды үш топқа бөліне білуді үйрету,топтардың үш түсті (қызыл,сары,жасыл) таңдап алып допты өз тобының балаларына қуып жүріп беру. Бағдаршамның белгілері туралы білімдерін бекіту. 3.Еңбек:	оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету.(еңбек құралдарын қолдану жұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау). 4. Жеке жұмыс: <i>Дидактикалық</i> <i>ойын.Тәжірибе мен</i> <i>сараптама</i> «Бауда не өседі,бақшада не өседі?» Өсімдікті өсу орнына байланысты топтастыру.Балалард ың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту. <i>Өзіндік іс-әрекет</i> Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениетті түрде келіспеушілік тұстарын білдіріп, өз ойын іске асыра білу. 5.Еркін ойындар	Өрнектерін оямын, Терезесін қоямын. 2.Қимылды ойын: «Бояушы мен бояулар» Тепе-теңдікті сақтау(ойын барысында гимнастикалық орындықта тұру); жүгіру, тез қимылдау, оқу іс-әрекетінен алған дағдыларын жүзеге асыру. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. 3.Еңбек: Алаңдағы құм мен қоқысты жинау. Қоршаған ортаны күнделікті мезгілмен жинап, жан-жағына пайдасын тигізу. 4. Жеке жұмыс: <i>Тәжірибе мен</i> <i>сараптама</i> <i>Дидактикалық ойын.</i> «Ауылға үй кұраймыз» Балалардың кұрастыру дағдыларын дамыту, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету,қиялын,жұмыс барысында құмды қолдана білу,құрылыс жиынын, безендіру элементтерін еңгізу.	кеткен жоқ, ал жанға көктем секілді. 2.Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. 3.Еңбек: Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. <i>Дидактикалық</i> <i>ойындар.Тәжірибе</i> <i>мен сараптама</i> «Ауа райын сипатта!» Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы,ашық,суық,кү рғақ,желді,жаңбырл ы,тұманды) <i>Өзіндік іс-әрекет</i>	Қанат қақсын көгершін 2.Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. 3.Еңбек: Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал- саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: <i>Дидактикалық</i> <i>ойындар.</i> <i>Тәжірибе мен</i> <i>сараптама</i> <u>Тапсырма</u> 1._____ Аула дан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. <u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады. <u>Тапсырма</u> 2._____ Қ ай зат тез ысиды? <u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. <u>Тапсырма</u> 3._____ Ағаштың көлеңке жағымен күн
--	--	--	---	---	--

